

## Астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттау және ішкі сату кезінде қажетті құжаттарды ресімдеудің тәртібін оңайлату туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 21 Қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен ( P050124)

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау, астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін экспорттау кезінде құжаттамалар рәсімін реттеу және оңайлату, сондай-ақ осы өнімдердің экспортына және оны республиканың ішінде сату кезінде рұқсат ететін құжаттарды ресімдеуші ұйымдардың қызметіне ақы төлеудің көрсетілген тарифтерін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астықтың және оны қайта өңдеу өнімдерінің экспортын кедендік ресімдеу үшін мынадай құжаттар:

белгіленген тәртіппен тіркелген тауар өндірушіге (сатушыға) және тұтынушыға (сатып алушыға) тәуелсіз ұйымдар (зертханалар) беретін сапa с е р т и ф и к а т ы ; < \* >

қажет жағдайларда, сондай-ақ тиісті контрактілерде, әкететін елде қолданылып жүрген ережелерде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінде көзделген талаптарды көрсету кезінде:

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, ал олар сынақ орталықтарын тіркегеннен кейін - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагрэкс" республикалық мемлекеттік кәсіпорны немесе оның облыстардағы бөлімшелері беретін сәйкестік сертификаты, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген басқа да сынақ лабораторияларымен (орталықтарымен);<\*>

Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы немесе оның облыстық бөлімшелері беретін шығу тегі сертификаты міндетті деп белгіленсін.

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің  
1997.09.16. N 1341 қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 700  
қаулысымен .

**ЕСКЕРТУ.** 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 38  
қаулысымен .

2. Республиканың ішкі рыногында сатылатын астықтың және оны қайта

өңдеу өнімдерінің сапасын бақылауды күшейту мақсатында барлық, оның ішінде тауар биржалары мен көтерме сауда базаларында жасалған сауда мәмілелері кезінде сатушыда сатылатын партияға белгіленген тәртіппен тіркелген тауар өндірушіге (сатушыға) және тұтынушыға (сатып алушыға) тәуелсіз ұйымдар (зертханалар) беретін сапа сертификаты, бөлімшелері беретін сапа сертификаты б о л у ы м і н д е т т і . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.04.04.**

**№ 477 қ а у л ы с ы м е н .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. № 700**

**қ а у л ы с ы м е н .**

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. № 38**

**қ а у л ы с ы м е н .**

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті 1997 жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде қорғалу дәрежесі бар сапа және сәйкестік сертификаттарының нысандарын бекітсін.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы 1997 жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде сынақ орталықтарын құрсын және оларды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті кейіннен тіркеуі үшін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сертификациялық сынақтар жүргізуге арналған қажетті арнаулы жабдықтармен ж а р а қ т а н д ы р с ы н .

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Өсімдіктердің карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекциясы, "Агрохим" республикалық ғылыми-технологиялық орталығы және оның химияландыру жобалау-зерттеу станциялары, Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы 1997 жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде астық инспекциялары сынақ орталықтарының жанынан фитосанитарлық куәлік, ауыр металдар тұздары мен пестицидтердің бар-жоғы туралы куәлік және шығу тегі туралы сертификат беру жөнінде бөлімше ұйымдастырсын.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Республикалық астық инспекциясы бұл бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыру үшін жұмыс орынжайын ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі тек мал азықтық астыққа ғана мал дәрігерлік сертификат беруді жүзеге асырсын.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. № 700**

**қ а у л ы с ы м е н .**

7. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті оларды ресімдеуге кететін шығынның нақты

деңгейіне сүйеніп, астықтың және оны қайта өңдеу өнімдерінің экспортына арналған рұқсат ету құжаттарын беруге үстемдікті құқы бар ұйымдардың қызметіне ақы белгілеудің тәртібі туралы әдістемені бекітсін және 1997 жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде бекітілген әдістемеге сәйкес бұл қызметтерге т а р и ф т е р е н г і з с і н .

8. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1997 жылдың 25 қаңтарына дейінгі мерзімде астықтың және оны қайта өңдеу өнімдерінің экспорты үшін қажетті міндетті құжаттардың тізбесін жергілікті жерлердегі кеден органдарына б е р е т і н б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі астық сапасы сертификатының нысанын, оны берудің және қолданудың тәртібін бекітсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.23. N 700 қаулысымен .**

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*бірінші орынбасары*